

Ғылыми кеңестің
2023 жылғы «30» наурыз
шешімімен бекітілді
Хаттама № 14

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры,
профессор Н.О. Дулатбеков



(Handwritten signature in blue ink)

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және
өңірлік олимпиадалардың жеңімпаздарына және (немесе)
халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына
Академик Е.А. Бөкетов атындағы атаулы стипендия
беру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» ҚР Заңы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Жарғысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірленді.

2. Ереже мемлекеттік білім гранттарының иегерлері және 9,10,11 сыныптарда оқу кезеңінде халықаралық олимпиадалардың (1, 2 және 3 орын), 11 сыныпта оқу кезеңінде республикалық олимпиадалардың (1, 2, 3 орын) және 11 сыныпта оқу кезеңінде Қарағанды облысының жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиадасының (1 орын) жеңімпаздары болып табылатын студенттерге академик Е.А. Бөкетов атындағы атаулы стипендия (бұдан әрі – атаулы стипендия) беру тәртібін белгілейді (№1 қосымша).

2. Атаулы стипендияны тағайындау және төлемді тоқтату тәртібі

3. Атаулы стипендия тағайындау үшін үміткерлердің кандидатураларын университеттің Қабылдау комиссиясы айқындайды.

4. Конкурсқа қатысу үшін үміткер Қабылдау комиссиясына I, II, III дәрежелі дипломдарын, ҰБТ сертификатын (бар болса), грант туралы

